

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Философия және мәдениеттану кафедрасы

«Павлодар Ертіс өніріндегі ағартушылықтың дамуы» пәні
бойынша
6N0204 Мәдениеттану, 6N0201 Философия мамандықтарының
магистранттарына арналған
**ДӘРІС САБАҚТАРЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫСТАР**

Құрастырушы:
ФжМ кафедрасының
Т.Ғ.К., доцент
Г.М. Раздыкова

Павлодар

1 Дәріс сабақтарын жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Дәріс сабақтары магистраттардың ғылыми білімін арттыратын маңызды білім. Жүйелі, толық аргументтері келтірілген кешенді дәріс сабақтары мамандарды дайындаудың басты көзі. Дәрістің әдістемелік, ғылыми - тәжірибелік, қоғамдық-саяси және кәсіби маңызы бар.

Дәрістерді тыңдау және қабылдау: магистранттардың оқытушының дәрісіне дайындығына енетіндер:

Біріншіден, психологиялық жағынан дайын болу, оның жүйелі орындалуын қадағалау; екіншіден, дәріс алдындағы мақсатты танымдық - тәжірибелік қызмет, соның ішінде:

А) Алдыңғы өткен материалдарды, жазғандарын еске түсіру мақсатында қарастыру;

Ә) Алдыңғы сабақпен байланысын анықтау мақсатында берілетін дәрістің материалдарымен бағдарлама және оқулықтар бойынша танысу. Оқулық бірнеше жылда бір рет шығарылатындықтан, бағдарламадағы кейбір сұрақтар оқулықта қарастырылмауы мүмкін. Осындай сәйкессіздіктен кейін магистрант дәріс барысында осы мәселелерге көңіл аударуы керек.

Б) Дәріс барысында істелінетін негізгі жұмыстардың түрлерін анықтау (жазу, сызбалар, суреттер және т.б.);

Г) Бағдарлама мен оқулықтар да енгізілген өздік жұмысына арналған тапсырмалармен танысу, білімді тереңдетіп, тапсырмаларды орындауға қажетті әдебиеттерді таңдау;

Дәріске алдын-ала дайындық магистранты шығрмашылық жұмысқа және ең бастысы дәрісті тыңдап, оның мазмұнын қабылдай білуге үйретеді.

Дәріс беруде материалды баяндау, талдау, фактологиялық мазмұндау, мәселе қою әдістері басым. Мұның бәрі студенттердің шығармашылық белсенділіктерін арттыра түседі.

Магистрант дәріс мазмұнын толық түсіну үшін оның мақсаты мен міндеттерімен таныс болуы қажет. Сонымен қатар, дәрістің мақсаты мен міндеттерін түсіну студентке баяндалып отырған материалды терең түсініп, оған сын көзқараспен қарауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар дәріс оқытушы мен студент арасындағы байланыс ретінде психологиялық-педогогикалық талаптарға да сәйкес болу керек. Оның орындалуы студентке ғана қатысты емес, оқытушының баяндауына магистранттар беделін арттыра білуіне де байланысты.

Жазу - оқытушының магистранттардың материалдарды қаншалықты меңгергендігін бақылауға мүмкіндік береді. Егер дәріс барысында магистранттар тыңдап қана қоймай жазып отырса, оқытушы дәрісті оқу кезінде оған көмек көрсетеді (қайталау, баяулау, басты мәселелерге акцент жасау арқылы және т.б.)

Дәрісті жазуға қалай үйрену керек? Бәрінен бұрын нені және қалай жазу керектігін білу керек. Сабақтың күні, тақырып, мақсаты, сабақтың жоспары жазылады. Жоспар тақырыпты игеруге және берілген материалмен өздігінше жұмыс істеуді қамтамасыз етеді. Жоспарды жазғаннан кейін оның дәріс барысында оның мағынасы қалай ашылғандығына баса назар аудару керек.

Жазу барысында тақырыптар, тақырыпшалар және сұрақтар арқылы, абзацтарды, нөмірлеп көрсетуді пайдаланып жүйелілікті сақтауға болады.

Дәріс жазудың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Оны таңдау пәннің ерекшелігіне байланысты. Мысалы: кейбір сабақтарда суреттер, сызбалар және т.б. қолданады. Гуманитарлық ғылымдар бойынша жазудың әртүрлісі қолданады. Кең тараған түрі:

Дәрістің негізгі сұрақтары	Негізгі тезистермен, дәлелдер, қортындылар. Негізгі сұрақтар бойынша өз ойлары.

Дәріс материалының мазмұнын келесідегідей түрде де жазуға болады:

Дәрістің негізгі сұрақтары	Негізгі ережелер, негізгі фактілер, жалпылау, дәріс мазмұнын қорытындылау	магистранттың ескертпесі және оның оқытушыға сұрағы.

Дәрісті жазғанда онымен әрі қарай жұмыс істеу үшін және өз ойларын жазуға шетінен орын қалдыру қажет. Немесе дәптердің келесі беттерін бос қалдыру керек.

Магистранттың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына, білікті маман болуына, кәсіби және т.б. қызмет түрлеріне дайындығын арттыруға дәріспен бірге тәжірибе сабақтары да маңызды рөл атқарады.

Дәріс басты ғылыми білімнің негізін салады, магистрантқа оны жалпылама түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Ал, семинар мен тәжірибе сабақтары білімді кеңейтіп, нақтыландыра түседі, оны толықтай меңгеруіне көмектеседі. Сонымен бірге оқу үрдісінің мұндай түрлері өздік жұмыстарды орындауға үйретеді

Магистранттың жан-жақты дамыған тұлға, маман ретінде дамуына және оны кәсіби және басқа қызметтерге дайындауда семинар сабақтарының маңызды зор, олар дәрісте басталған сабақтардың логикалық жалғасы. Дәріс ғылыми білімнің негізін қалыптастырады, олар магистрантқа оларды жалпы түрде меңгеруге мүмкіндік береді, семинар және тәжірибе сабақтары бұл білімдерді тереңдетеді, нақтылайды және кеңейтеді, жоғары репродукция және трансформация деңгейінде меңгеруді көмектеседі. Оған қоса, осы оқу процессінің формалары жеке жұмыс жасау және өзін-өзі оқытуды үйретеді. Семинар және тәжірибе сабақтарында жеке жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар болғандықтан, оларға тереңірек тоқталайық.

2 Пәннің тәжірибелік мазмұны

Дәріс I. Кіріспе. Арнайы курстың пәні мен міндеті

«Павлодар Ертіс өңірінде ағартушылықтың дамуы» курсының пәні мен міндеттері. Курсты меңгерудің әдістері мен методологиясы. Негізгі қайнар көздері. Басқа тарихи пәндермен (өлкетану, Павлодар Ертіс өңірінің тарихы, этнография және т.б.) байланысы.

Дәріс II. XIX ғасырға дейін Баянауыл ауданының ағартушылық тарихы. Бұхар жырау Қалқаманұлының мұрасы

Қазақтардың Баянауыл ауданына көшіп-қону тарихы. Түріктер әлемінің мәдени салт-дәстүрлерін өлке. Жырау мұрасы. Бұхар жыраудың өмірі мен шығармашылығы.

Дәріс III. Баянауыл ауданының ағартушылық негізін қалағандар – Едіге би, Шоң би, Шорман, Мұса Шорман

Билер институты – қазақтың ұлттың қоғамында атқаратын қызметі мен мағынасы. Едіге би, Шоң би, Мұса Шорман – ел санасында. Мұса Шорманның ағартушылық іс-әрекеттері. Ғылыми жұмыстарының Қазақстан мәдениеті мен тарихында алатын маңыздылығы. Мұса Шорманның Ш.Уалихановпен және Г.Потанинмен ара-қатынасы.

Дәріс IV. М.–Ж. Көпеев және оның шығармашылық мұрасы

М.–Ж. Көпеевтың өмірлік жолы. Ағартушылық қызметі. Әдеби шығармалары. Философиялық көзқарастары. М.–Ж. Көпеев – жазық даланың ауызша исторологиясын сомдаушы. М.–Ж. Көпеевтың шығармашылық мұрасы. Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қосқан үлесінің маңыздылығы. М.–Ж. Көпеевтың жолын жалғастырушылар.

Дәріс V. С.Торайғыровтың қоғамдық және ағартушылық қызметі

С.Торайғыровтың өмірлік жолы. С.Торайғыров – XX ғасырдың жарық қоғам қайраткерлерінің бірі ретінде. С.Торайғыровтың шығармашылық мұрасы. С.Торайғыров және XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы.

Дәріс VI. Қ.И.Сатпаев – қазақ ағартушылығы мен ғылымындағы жаңа бағыт

Қ.И.Сатпаевтың өмірлік жолы. Қазақстан ғылымының қалануына қосқан үлесі. Қ.И.Сатпаев – қоғам қайраткері. Қ.И.Сатпаевтың Қазақстан тарихы жайлы жазған еңбектері. Қ.И.Сатпаев – жерлестерінің есінде мәңгілікке сақталмақ.

Дәріс VII. З.Шашкиннің, Ж.Аймауытовтың, Ш.Айтматов, Ж.Шанин және т.б. ағартушылық қызметі

З.Шашкиннің, Ж.Аймауытовтың, Ж.Шанин, Ш.Айтматовтың өмірі мен шығармашылығы. Қоғамдық және ағартушылық қызметтері. Қазақстанның мәдениетін, өнерін, әдебиеті мен киносының дамуына қосқан үлестері.

Дәріс VIII. Баянауыл ауданынан шыққан ғалымдардың өмірі мен еңбектері:

Атақтары даңқ жарған баянауылшылар: А.Р.Бектұров, С.Б.Бейсембаев, З.Д.Дүйсенбекова, Ж.С.Ержанов, Х.Ж.Жұматов, Ш.Ш.Шөкін, М.М.Бекенов, Н.И.Баяндин және т.б. Олардың Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлестері. Қоғамдық және ағартушылық қызметтері.

Дәріс IX. Баянауыл ғалымдары – Қазақстанның тарихи ғылымының негізін қалаушылар:

Е.Б.Бекмаханов – тұңғыш кәсіби тарихшы, Бекмахан эпопеясы. Қазақстандық археологияның негізін қалаушылар – А.Х.Марғұлан, М.Қ.Қадырбаев, Қ.А.Ақышев, Х.Алпысбаев. Х.Арғынбаев – тұңғыш қазақ-этнограф.

ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

1. Инсебаев Т. А. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Ч. 1. С древнейших времен до XX века. - Павлодар, 2000.
2. Шевченко СВ. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. 4.2. XX век. - Павлодар, 2000.
3. Арын Е., Нухулы А., Инсебаев Т. Павлодарская область: календарь исторических событий и дат. - Павлодар: ПТУ, 2003.
4. Баян Аула (иллюстрированный альбом) - Астана: Фолиант. 2001.
5. Тлеке Жеңіс. Кереку-Баянаула өңірінің шежіресі - Павлодар, 1995.
6. Еңсебаев Т.А. Павлодар өңірі тарихы туралы очерктер 1-бөлім. Көне дәуірден XX ғ. дейін – Павлодар, 2001.
7. Исаханова К.С. Просветители Павлодарского Прииртышья конца 19 - начала 20 вв. -

Қосымша әдебиет:

8. Академик К.И.Сатпаев в памяти земляков (составитель О.Кожанов). - Алматы-Павлодар, 1999.
9. Алькей Хаканович Маргулан - Алматы, 1984.
10. Аджигалиев С. Этнограф Халел Аргынбаев //Наука Казахстана - 1994, №23.
11. Богатенкова Д. Народный артист СССР Ш.Айманов - Алма-Ата, 1973.
12. Жусупов Е.К. Машхур Жусуп Копейулы и исторические личности в его рукописях - Автореф. Канд. Диссерт. - Алматы, 2000.
13. К.Сатпаев- Алма-Ата, 1989.
14. С.Торайгыров - Алма-Ата, 1989.
15. Батырбеков Б. К.И.Сатпаев. Школа - начало всех начал //Наука Казахстана - 2000, №4.
16. Букетов К. Исполнины казахстанской науки: К.И.Сатпаев и Е.А.Букетов //Наука Казахстана - 2000, №7-8.Ю.Джусупбеков У.Ж. Слово об академике А.Б.Бектурове//Ученые записки ПГУ - 1998, №2-3.
17. Кантарбаев Б. К.И.Сатпаев - обществовед//Мысль - 1998, №5.
18. Кантарбаев Б. К.И.Сатпаев как историк//Мысль - 1999, №13. 19.Джаксыбаев С. Муса Чорманов - наш знатный земляк//Звезда Прииртышья - 1999, 20 марта.
20. Джаксыбаев С. Полковник Чорманов «Улкен мырза». Страницы истории //Звезда Прииртышья - 1991, 14 мая.
21. Дюсеков С. Муза, дочь Жусупбека: неизвестные страницы жизни Ж. Аймаутова//Звезда Прииртышья - 1991, 1 мая.
22. Ильин П. Зеин Шашкин - наш земляк // Звезда Прииртышья - 1999, 1 июня.
23. Марчевский Н. Сын земли Баянаульской М.-Ж.Копеев//Звезда Прииртышья - 1999, 22 сент. Машрапов К. Жумат Шанин//Звезда Прииртышья - 1998, 8 января.
24. Наши великие земляки (Бухар жырау, Г.Н.Потанин, Жаяу Муса, С.Торайгыров и др.) // Звезда Прииртышья - 1997 - 18 февр.
25. Наши великие земляки (К.И.Сатпаев и А.Х.Маргулан)//Звезда Прииртышья- 1997, 18 февр. 21.Хазыров Б. Алаш Орда в Павлодаре//Звезда Прииртышья - 1996 -17 авг.
26. Ученые Павлодарской области - Павлодар: ПГУ им. С.Торайгырова, 2002.
27. Жамбыл Омари. Букар жырау: Он ею тарих - Караганды, 1993.
28. Енсебаев Т.А. Машһүр Жүсіптің қызметі.//Мәшһүр Жүсіп оқулары. 1-ші жинақ - Павлодар, 2001.
29. Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі //Жұлдыз-1993, №10.
30. Абилев Д. Жүсіпбек аға//Қазақ әдебиеті - 1989 - 13 қазан.
31. Бәделханұлы А. Шоң, Шорман - Баянаулдың қос еркесі//Сарыарка самалы - 1994, 16 шілде.
32. Машрапов К. Баянаула туралы тарихнама жағрафиялық мәліметтер //Сарыарка самалы - 1991, 6 наурыз.
33. Мусаметов М. Туңғыш режиссер //Сарыарка самалы - 1992, 15 желтоқсан.
34. Ногербеков Б. Ш.Айманов және қазақ киносы //Атамекен - 1994, 11 наурыз.